№ 294
«23» 05 2024 ж.

**Мәртөк аудандық білім**
**бөлімінің басшысы А.С.Есалинге**

**№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы психологиялық қызметтің талдау есебі**

**Мекеме атауы:** №3 Мәртөк ЖОББМ
**Мектеп психологтары:** Г.Е.Итесова., Г.А.Григорьевна
**Мамандығы:** Педагог-психолог
**Білімі:** Жоғары
**Санаты:** Педагог-модератор (Г.Е.Итесова.,), жоқ (Г.А.Григорьевна)
**Жүктемесі:**1 –бірлік (Г.Е.Итесова.,), 0,5 (жарты бірлік) (Г.А.Григорьевна).
**Психологиялық қызмет төмендегідей жұмыс түрлерімен қамтылды:**

- Жеке және топтық психодиагностика оқушылармен, педагогтармен және ата-аналармен
- Жеке және топтық кеңес жұмысы (ұсыныс түскен жағдайда) оқушылармен, педагогтармен және ата-аналармен
- Топтық профилактикалық және ағарту жұмыстары оқушылармен, педагогтармен және ата-аналармен
- Жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары( қажеттілік бойынша)
- Әдістемелік жұмыс.

**Психологиялық қызметтің мақсаты** – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

(«2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ. (2.8. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет 75 бет))

**Міндеттері:**

*Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;

*Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;

*Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру(алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.

Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау.

Сканировано с CamScanner

Жылдық жоспардың шаблоны Қазақстан Респуликасы Оқу –ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы №68 бұйрығы негізінде жасалды. 2023-2024 оқу жылының басында психологиялық қызметтің перспективалық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларының мектепте оқуға дайындық деңгейін анықтау бойынша «Керн-Йерасек» жобалау тесті өткізілді. Диагностикаға 1 «а», «б», «в» сыныптары бойынша 45 оқушы қатысты. Оқушылардың мектепте оқуға дайындық деңгейлері әр сынып бойынша анықталып, сынып жетекшіге таныстырылып, ұсыныс берілді. Жаңа келген оқушылармен танысу, жақын қарым-қатынас орнату мақсатында ойын тренингтер жүргізілді. Мақсаты:жаңа ортаға, мектепке бейімделу, баланың бейімделуі ең маңызды сәттердің бірі. Сонымен қатар 1- класс оқушыларымен «Мен-оқушымын» бейімделу бағдарлама пайдалану мақсатында сергіту жаттығулары өткізілді. Бастауыш мектеп жасындағы балаларға өздерінің эмоциялары мен сезімдердін басқаруға үйрету және білім алушының эмоционалды жағдайын бақылауға мақсатында Т.В.Артемьева жаттығулар жүргізілді.( https://www.instagram.com/reel/CxzRjJkIrCI/?igsh=MTM2YzBwNGFvemF3dA==), (https://www.instagram.com/reel/CxsLXqeIsRY/?igsh=MXdyMDc0a3h4cGFvMQ==).





5 сынып оқушыларының мектепте оқуға көзқарасы және мектептегі жағдайларға эмоционалдық әрекетін анықтау мақсатында Н.Л.Лусканованың «Мектеп мотивациясын тексеруге арналған әдістемесі» жүргізілді. Диагностикаға 5 «а», «б», «в» сыныптары бойынша 63 оқушы қатысты. Диагностика нәтижесі әр сынып бойынша анықталып, сынып жетекшіге таныстырылып, ұсыныс берілді. Оқушылардың орта буынға бейімделуін түзету-дамыту мақсатында « Мен 5-ші сыныпта» психологиялық қолдау сабағы жүргізілді. (https://www.instagram.com/reel/Cx9beIcoKvd/?igsh=ODlyZ3gzYXNhdmhw). Қазан айында 9-11 класс оқушыларымен Басса-Дарки, агрессия түрін анықтауға арналған сауалнама өткізілді. Диагностика 9-11 сынып арасында 83 оқушы қатысты. Диагностика нәтижесінде жоғары, орта деңгейде дамыған агрессия деңгейі анықталмады. 8-9-10-11 класс оқушыларынан аутодиструктивті, девиантты мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «DASS» сауалнамасы өткізілді. Диагностика 8-11 сынып арасында 120 оқушы қатысты. Диагностика нәтижесінде 9 «А» сыныбында жеңіл үрей деңгейі 1 оқушы, 9 «Б» сыныпта жеңіл үрей -3 оқушы, жеңіл стресс- 4 оқушы, 10 «А» сыныпта жеңіл үрей -1 оқушы, 10 «Б» сыныпта жеңіл стресс -1 оқушы, 11 «А» сыныпта жеңіл стресс -2 оқушы. Аталмыш оқушылармен жеке сөйлесу өткізіліп, оқушылардың сауалнама сұрақтарына сол кездегі көңіл-күйлеріне байланысты жауап берілгені анықталды. Диагностика қорытындысы сынып жетекшіге таныстырылып, ұсыныс берілді. Мақсаты:оқушылардың бойында кездесетін стресс,депрессия, мазасыздық күйін анықтау. 1-4, 5-9, сынып оқушыларымен жасөспірімдер арасындағы кемсіту, қорқыту, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу, ғаламтор, әлеуметтік желіде өзін қалай ұстау, сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге шақыру мақсатында «Тұлғаның ақпараттық қауіпсіздігі. Буллинг. Кибербуллинг», «Профилактика буллинга и кибербуллинга», «Моя

Сканировано с CamScanner

ответственность. |Буллинг» тақырыбында психологиялық сағаттар өтті.(https://www.instagram.com/reel/CykTXakom97/?igsh=MTIzNWk2d3JuaDV4bw==),( https://www.instagram.com/reel/CyfOsBNoQdM/?igsh=MWFrc3RmaGg5cXY1cw==), (https://www.instagram.com/reel/CykYfFQIG-g/?igsh=Y2FnbjR4N3N6czh1), (https://www.instagram.com/reel/CznuKh4Ih8g/?igsh=a2tweG1yczE4NXV3), (https://www.instagram.com/p/Cznxi-iInVr/?igsh=MXdwd2Z5Nm0yMnNscA==), Қыздар күніне орай 8-9 сынып қыз балалары арасында «Қыздар арасында» психологиялық тренинг өткізілді. (https://www.instagram.com/reel/CyP74h-ITT5/?igsh=cTdoenJyNHFxdXB6) Оқушыларға қатысты қорлау және қорқыту фактілерін анықтау мақсатында 5-7 сынып оқушылары арасында анонимді сауалнама алынды.




Қараша айында 9 сынып оқушыларынан жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында Гудман сауалнамасы «Күшті жақтары мен қиындықтары» диагностикасы жүргізілді. 2-5 сынып оқушыларының қарым-қатынас

деңгейін анықтау мақсатында Дж.Морено социометриясы алынды.

13-22.11.2023ж 2-5 сынып оқушылары арасында жүргізілген «Дж.Морено социометрия» әдістемесінің қорытынды мониторингі




1 сынып оқушыларының мектеп өмірінің ережелерімен таныстыру, ынтымақтастық дағдыларын, бір-біріне деген сенімді қатынастарын, ұжымның ұйымшылдығын дамыту мақсатында «Мектеп өмірінің ережесі» тақырыбында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 5 сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделіп, танысу мақсатында «Із кезуші» психологиялық акция өткізілді. "Көңіл күйіңді көтеріп, қуана біл! құралы арқылы жасөспірімдерге психикалық денсаулық туралы, өзінің психологиялық-эмоциялық жай-күйіңді қалай жақсартуға және стрестік жағдайларға қалай төзімділік танытуға болатыны, өз-өзіңе , досыңа көмек көрсету жайлы, күйзеліс және келеңсіз ой туралы, қиын жағдайларда, көмек қажет кезде кімге жүгіну жөн болатынына бағыт-бағдар беріліп, ақпарат-кеңестер ұсынылды. (https://www.instagram.com/p/Cz8KqgQoPj9/?igsh=MWFqNWRwNWhoaWNtYw==). 7-11 сынып оқушыларына нашақорлыққа жол бермеу, есірткіге тәуелділіктің алдын алу мақсатында "Жоқ!" деп айтуды үйрен" жасөспірімдерге арналған жадынамаларын таратылды.(https://www.instagram.com/p/Cz8JdPaoWRf/?igsh=MTJjN3dqcjV3NnplZA==). Сонымен қатар жоспардан тыс 9-11 сынып оқушыларының кәсіби бейімділігін анықтау мақсатында «Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» Е.А.Климов әдістемесі алынды.

| Сынып | Кәсіби бейімі | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Адам-табиғат | Адам-техника | Адам-адам | Адам-белгілеу жүйесі | Адам-көркем бейне |
| 9 «А» | 4/29% | 6 / 43% | 4 / 29% | 0 | 0 |
| 10 «А» | 1/6% | 5/ 29% | 8/47% | 2 /12% | 1/6% |
| 11 «А» | 1/10% | 3/30% | 4/40% | 1/10% | 1/10% |

8-10,11 сынып қыз балалары арасында ерте жүктіліктің алды алу мақсатында «Қыз өмірдің мәні», «Ранняя беременность» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді. (https://www.instagram.com/reel/C2Pf1q8oav8/?igsh=MTQ5eDByeTI1NzBxMw==).
Оқушылардың өмірге деген құштарлықтарын дамыту, қызығушылықтарын ояту мақсатында «Мен өмірді сүйемін!» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Күзгі

Сканировано с CamScanner

демалыс кезінде оқушылармен «Достық әлемі» психологиялық тренинг өткізілді. (https://www.instagram.com/reel/CzF-VJyIrzE/?igsh=dTl1N3h5Y3BwdzR1).

Желтоқсан айында жеке адамның типін анықтау мақсатында 8-11 сынып аралығында Голланд әдістемесі жүргізілді.

| Сынып | Тип | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Реалистік | Зияткерлік | Әлеуметтік | Конвенциалды | Тапқыр | Әртістік |
| 9 «А» | 2 оқушы – 14% | 2 оқушы – 14% | 6 оқушы – 44% | 2 оқушы – 14% | 2 оқушы – 14% | 0 |
| 10 «А» | 2 оқушы – 12% | 0 | 7 оқушы – 40% | 2 оқушы – 12% | 3 оқушы - 18% | 3 оқушы - 18% |
| 11 «А» | 2 оқушы – 20% | 1 оқушы - 10% | 3 оқушы – 30% | 1 оқушы – 10% | 2 оқушы - 20% | 1 оқушы - 10% |

11 сынып оқушыларымен психологиялық дайындық деңгейін дамыту, жағымсыз уайымды жеңу, бойдағы қорқынышты төмендету, эмоциялық қобалжуды басу, жетістікке ұмтылуға сенімділікті ұялату, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында «ҰБТ-ға психологиялық дайындық» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. (https://www.instagram.com/p/C01FyvIoA2z/?igsh=MWtlcjdnN3ZoZG1lcw==).





9 сынып оқушыларымен «Мамандық таңдау құпиясы», «Мой выбор» тақырыптарында психологиялық тренингтер өткізілді. 10-11 сынып оқушыларымен «Ғаламтор қауіпі» психологиялық сағат өткізілді. 8 сынып оқушыларымен зорлық-зомбылықтың алдын алу, мәнін түсінуге, өз-өзіне баға беруге, өз мәселелерін ашық айта білуге, сенімді мінез-құлықты дамыту мақсатында «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын!» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. (https://www.instagram.com/reel/C0iitG9onFY/?igsh=MWszNDk1YjFiYTIxNA==).

Қаңтар айында оқушылардың агрессиясының түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анқытау мақсатында екінші мәрте «Басса – Дарк» әдістемесі өткізілді. Диагностика 9-11 сынып арасында 85 оқушы қатысты. Диагностика нәтижесінде жоғары, орта деңгейде дамыған агрессия деңгейі анықталмады.

## 10.10.2023-17.01.2024ж. аралығындағы 9-11 сынып оқушылары арасындағы Басса-Дарк сауалнамасының қорытынды мониторингі




3-4 сынып оқушыларынан оқушылардың отбасындағы қарым-қатынаспен психологиялық жағдайын, алатын орнын анықтау мақсатында «Отбасы суреті» жобалау әдістемесі жүргізілді. Диагностика нәтижесі бойынша «Өзін-өзі бағалауын дамыту жаттығулары», «Мазасыздықты төмендету жаттығулары» тақырыбында түзету-дамыту жаттығулары өткізілді. 10-11 сыныптармен «Тұлғаның ақпараттық қауіпсіздігі. Буллинг. Кибербуллинг», «Профилактика буллинга и кибербуллинга», «Моя ответственность. |Буллинг» тақырыбында психологиялық сағаттар өтті. (https://www.instagram.com/p/C2wFi5jIBZJ/?igsh=MWNtcHFqaDhvbGRvOQ==). 5-6 сынып қыз балаларымен мектеп медбикесі, әлеуметтік педагог, мамандарымен бірлесіп «Жеке гигиена , дене күтімі» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. (https://www.instagram.com/p/C2PWinhIf3G/?igsh=M2UwZWYyNzJhNzIx ).

Ақпан айында 5-7 сынып оқушыларынан жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында Р.Гудман сауалнамасы алынды. Мектеп оқушыларының , мектептің көңіл –күйлерін көтеру, қарым-қатынастарын және эоционалдық әл-ауқатын дамыту, жағымды психологиялық атмосфера қалыптастыру мақсатында «Көңілді болайық!» психологиялық акция өткізілді. (https://www.instagram.com/reel/C3UcCqKItXD/?igsh=MTI0MmFjZXRsamZqag==), (https://www.instagram.com/reel/C2SCUfbI-pl/?igsh=bTJ5ZjZvZmZzeGR1) , (https://www.instagram.com/reel/C2PeF9pID9H/?igsh=MTBqa2trYzUyY2lvbw==) , (https://www.instagram.com/reel/C3UYNeCoh1F/?igsh=MzI4MXQ1bTc0aHZm).

Сәуір айында 7-11 сынып қыз балаларының қатысуымен жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында мектеп медбикесімен бірлесіп бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді. (https://www.instagram.com/p/C5P_ga_Inwb/?igsh=MXdzNGp5OGQ4ZDdocA==). 1-4 сынып оқушыларымен «Қабылдау және есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулары» (Т.В.Артемьева) өткізілді. 3 «В», 4 «Б» сынып оқушылары арасында «Секреты общения», «Формирование коммуникативных умений и навыков» тақырыбында психологиялық түзету-дамыту сағаттары өтті.

Сканировано с CamScanner

(https://www.instagram.com/reel/C5nuHtsIXgo/?igsh=MnVuZDl2YzlyMHZw). 9 «А» сыныбымен «Менің қарым-қатынастағы мәселелерім» тақырыбында психологиялық түзету-дамыту жұмысы жүргізілді. (https://www.instagram.com/reel/C55p2Gloz3z/?igsh=cW9iaTNlcXR3ajd4). 5-7, 8-11 сынып оқушыларымен өмірдің мәнін түсінуге, жасөспірімдер арасында келеңсіз жағдайдың алдын алу, өмірді бағалауға, өмірге деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру мақсатында «Өмір қымбатсың маған!» , «Өмірді бағала!» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

Наурыз айында оқушылардағы қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау мақсатында екінші мәрте «DASS» сауалнамасы өткізілді. Диагностика нәтижесінде депрессия, стресс, мазасыздану деңгейі қалыпты деңгейде екендігін көрсетті. Диагностикаға 8-11 сынып арасында 121 оқушы қатысты. 5-11 сынып оқушылары арасында «Ойынқұмарлыққа тәуелділік. Лудомания» тақырыбында психологиялық сағат жүргізілді. (https://www.instagram.com/p/C4uQfUzNN09/?igsh=MWFocjgzc2hxOXgyeg==). 7-8 сынып оқушыларымен «Есірткісіз болашақ» тақырбында психологиялық тренинг өткізілді.( https://www.instagram.com/p/C57yqC3od2d/?igsh=ZHRqbm5lODNqYXdn 11 сынып оқушыларын психологиялық қолдау бейне баяны жасалды және «Сыныптағы ең... құшақта!» заманауи тренді өткізілді. (https://www.instagram.com/reel/C6Ie790oBeE/?igsh=MW9mY2M3eTE2bHk1cw==), (https://www.instagram.com/reel/C6DvnwAokAd/?igsh=MXNoajUwNnhnc3B4cA==)

«Эстетикалық пәндер бірлестігі апталығы» аясында мектептің көңіл-күйін көтеруге түрлі психологиялық ойындар өткізілді. «Көңіл-күй түсі», «Кімнің жолы болғыш», «Кім жылдам?».
(https://www.instagram.com/reel/C6LfxeCITkg/?igsh=MWtzZWJkcHBvaDNsMQ==),(https://www.instagram.com/reel/C6K5lS-IM3X/?igsh=MXh0aXY2eGJmMmYwaw==),
(https://www.instagram.com/reel/C6VOc_qIW0G/?igsh=anNiMXZwZXJzb3Jp )

Мамыр айында Аналар күніне байланысты «Бүгінгі бала, ертеңгі ата-ана» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. (https://www.instagram.com/p/C66LQcco-oI/?igsh=czU0Ym9oMmF6a2pt) Мақсаты: репродуктивті денсаулық туралы түсінік беру, отбасылық құндылықты сақтау, ерте жүктіліктің алдын алу. 9 сынып оқушыларымен «Емтиханға дайындық», «Настрой на экзамен» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

**«Қиын», «тәуекел тобындағы» оқушылармен және мобильді топтың жұмысы**

2023-2024 оқу жылының басында №3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің «қиын», «тәуекел» тобына жататын оқушыларды аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыс жоспары құрылып, сол жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Оқу жылының басында мектептің тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы, психологтар бірігіп оқушылардың үйін аралап, акт жасалып, оқушылардың педагогикалық-психологиялық жеке даму карталары толтырылып, қиын, тәуекел тобындағы оқушылар тізімі жасақталды. Жыл басында қиын, тәуекел тобында барлығы -51 бала, оның ішінде отбасылық жағдайға байланысты: өгей әкемен тұратын –18, өгей анамен тұратын – 3, қамқоршылықтағы балалар – 6 оның ішінде тұл жетім – 3, сәтсіз отбасында тұратын балалар – 6,толық емес отбасы – 1, денсаулық жағдайына байланысты – 16. Жыл соңында – 54 бала. Оның ішінде АІБ есепте және мектепішілік есепте -2 оқушы.

Сканировано с CamScanner

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында қиын, тәуекел тобы оқушыларынан жеке тұлғалық ерекшелігі темперамент типін, баланың сыныптағы орны, қарым-қатынас деңгейіне, мектепке, оқуға қызығушылығын анықтауға диагностикалар жүргізілді. Мобилді топта оқушылар жоқ.

**Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс**

Оқу жылының басында ерекше білімді қажет ететін оқушылар саны- 13, оқу жылының соңында саны – 15, үйден оқитын оқушы жыл басында -1, жыл соңында -2 оқушы.

Жыл басында оқушыларды психологиялық қолдау жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, сол жоспар бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда жыл басында оқушылардың жеке даму карталары толтырылды және сабақтары бақыланды. Қараша айында «Танымдық процестерді дамыту жаттығулары», желтоқсан айында «Баланың есте сақтау қабілетін дамыту», қаңтар айында «Зейіні мен байқағыштығын дамыту», «Агрессивті және жағымсыз көңіл күйін түзету –дамыту ойындары», ақпан айында «Өзін-өзі бағалау диагностикасы, өзің туралы әңгімеле» жобалау әдістемесі, наурыз айында «Кеңістікті, уақытты және санауды бағдарлау түсінігі», «Қабылдау деңгейін дамыту», сәуір айында «Ойлау деңгейін дамыту», «Қолдың саусақ моторикасын дамыту», мамыр айында «Сөйлеу тілін дамыту үрдісі» түзету –дамыту жаттығулары жүргізілді.






**Дарынды, қабілетті оқушылармен жүргізілген жұмыс**

Жыл басында дарынды, қабілетті оқушылардың деректер қорын жаңарту, карталарын толтыру, тізімін жасақтау жұмыстары жүргізілді. Қабілетті оқушылар 2-11 сынып аралығында 112 оқушы. Дарынды оқушы жоқ. Қыркүйек айында 2-5 сынып оқушылары аралығында А.И.Савенков "Дарындылық картасы" әдістемесі жүргізілді. Диагностикаға 2-5 сынып аралығында 207 оқушы қатысып, нәтижесінде танымдық -7%, шығармашылық -11%, академиялық-ғылыми -2%, көркем бейнелеу – 12%, музыкалық -15%, әдеби - 5%, әртістік - 14%, психологиялық -1%, көшбасшылық -13%, спорттық- 20% көрсетті. Сынып жетекші мен пән мұғалімдеріне оқушылардың бейімділіктері бойынша жұмыстануға ұсыныс берілді.

Сканировано с CamScanner

А.И.Савенков "Дарындылық картасы" әдістемесі




Сонымен қатар олимпидаға қатысушы оқушыларға жетістікке жетелеу, өз-өзіне сенімін арттыру,стрессті түсіру, жағымды көңіл-күй қалыптастыру мақсатында «Жетістікке жет, бұл сенің қолыңнан келеді!» психологиялық қолдау тренингі өткізіліп, кеңестер берілді. Қаңтар айында «Ақыл-ой дамыту жаттығулары» жүргізілді. Ақпан айында «Аяқталмаған сөйлем» әдісі өткізілді. Наурыз айында 8-9 сынып оқушыларынан ШТУР тесті алынды. Оқушыларға үнемі психологиялық қолдау ұсыныс-кеңес беріліп отырды.

**Педагог-кадрлармен жүргізілген жұмыс**

1 сынып оқушыларының мектепке дайындық деңгейімен таныстырылып, 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделу деңгейімен таныстырылып, ұсыныстар берілді. Жасөспірімдердің арасында келеңсіз жағдайдың алдын алу, анықтау және оқушыларға уақытылы көмек көрсету бойынша ұсынымдар берілді. Сынып жетекшілер бірлестігі отырысында «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама оқылды. Мұғалімнің шыдамдылық деңгейін анықтау мақсатында «Мұғалімнің шыдамдылығы» тесті алынды. Ұжымдық қарым-қатынасты нығайту, бір-біріне сыйластық, бірлесіп жұмыс жасау қабілеттерін дамыту, жағымды психологиялық атмосфера қалыптастыру мақсатында «Коллектив» психологиялық тренинг өткізілді (https://www.instagram.com/reel/C2_zGBUIt9n/?igsh=YnJpOWNrMjltbGs4). Ұжымның психологиялық ахуалын бағалау әдістемесі (А.Ф.Фидлер) алынды. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті және Қазақстан тарихы пәні мұғалімдерінің аудандық семинарында « Кел, танысайық әріптес!» психологиялық тренинг өткізілді. Сынып жетекшілер апталығы аясында «Тимбилдинг» психологиялық тренинг өткізілді. (https://www.instagram.com/reel/C35J32ooqVA/?igsh=MTczanV3em15MXRsdA==). Алғыс айту күніне орай мектептің кіші қызметкерлерімен «Шексіз алғыс!» психологиялық тренинг өткізілді. (https://www.instagram.com/reel/C3_5gQEoFzx/?igsh=a3d1Z28wb2cxZzli).

**Ата-аналармен жүргізілген жұмыс**

Жыл басында жалпы ата-аналар жиналысында отбасының маңыздылығын, балаға деген жауапкершілікті дамыту, жас кезеңдерінің ерешеліктерін ескеруді, әлімжеттіліктен (буллинг) қорғану жолдарымен таныстыру мақсатында «Баланаң жақын досы болу және оны әлімжеттіліктен қалай қорғаймыз?» тақырыбында баяндама және психологиялық

Сканировано с CamScanner

тренинг жүргізілді. Сонымен қатар «Балаға назар сал ата-ана!» тақырыбында кеңес беріліп, жадынама таратылды. Қамқоршылар күніне байланысты әлеуметтік педагогпен бірлесіп жетім, қамқоршылықтағы балалардың ата-аналарымен «Мейірімді жүрек» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. 1-4 сынып ата-аналарымен «Моя семья –моя опора» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. (https://www.instagram.com/reel/Cyh3t6gIJWH/?igsh=YWk1bng4anhpeGJv). 5-9 сынып ата-аналарымен «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады?» тақырыбында сынып жетекшімен бірлесіп, педагогикалық-психологиялық қолдау сабағы жүргізілді. (https://www.instagram.com/reel/Czp-GOCNsCO/?igsh=MWRmNzZtc2JiNnpvdQ==). 10-11 сынып ата-аналарымен «Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы» тақырыбында сынып жетекшімен бірлесіп, педагогикалық-психологиялық қолдау сабағы жүргізілді. 1-11 сынып ата-аналарына, ата-аналардың өз баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетін қалыптастыру, зорлық-зомбылықтың алдын алу, жасөспірімдер арасындағы кемсіту,қорлау, мазақтау жағдайларының алдын алу, ғаламтор, буллинг, кибербуллингті болдырмау мақсатында әлеуметтік педагогпен бірлесіп ата-аналар арасында жадынамалар таратып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. (https://www.instagram.com/p/CzlWzj7oKa-/?igsh=a2F2ZnUwcjd1eG1h), (https://www.instagram.com/p/CydlgqGIYQB/?igsh=MTBvYWpvcHFsZTlydA==),(https://www.instagram.com/p/CydXi2AI1eO/?igsh=MXNhdHhxejhnYmxyNw==), (https://www.instagram.com/p/CzlUZP4IzI2/?igsh=MXNrZzAwcmRoNjlmaA==), (https://www.instagram.com/p/C2uH5R1o5Uz/?igsh=MWhmZ2pleHZrYm1rcg==), (https://www.instagram.com/p/C65fDCioHM4/?igsh=dWdjeDNuOHlwaTZ2 ). 10-11 сынып ата-аналарымен «Күйзелістен шығар жол» тақырыбында сынып жетекшімен бірлесіп, педагогикалық-психологиялық қолдау сабағы жүргізілді. (https://www.instagram.com/p/C3sBo2iIOnQ/?igsh=bDI4OW0yZmhzZnIx). Сонымен қатар ата-аналарға күйзелістен шығу жолды тақырыбында психологиялық кеңестер берілді. Отбасы күніне орай ерекше білімді қажет ететін балалардың ата-аналарымен «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» тақырыбында әлеуметтік педагогпен бірлесіп семинар-тренинг өткізілді. ( https://www.instagram.com/reel/C7D6eVLI-Rr/?igsh=eWY4NTRnODdsbDd4 ) «Бала жүрегіне апарар бес жол» тақырыбында психологиялық кеңес берілді.

**«Сенім телефоны» және «сенім жәшігімен» жұмыс**

2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі №178 бұйрық негізінде №3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің сенім телефоны 8(71331)22-1-28 нөмері бекітілген. 2023-2024 оқу жылында сенім телефонына, сенім жәшігіне келіп түскен қоңыраулар мен сұрақтар, хаттар болған жоқ. Келіп түскен қоңыраулар мен сұрақтарды тіркеу журналы бар. Оқушылар мен ата-аналарға үнемі мектептің сенім телефоны мен сенім жәшігі жұмыс жасайтындығы, мұнда құпиялылық сақталатындығы туралы ақпараттар беріліп отырды. Сонымен қатар мектептің әлеуметтік желісіне жарияланып отырады. (https://www.instagram.com/p/CyfYVYlo6uI/?igsh=eTg1YTU3ZGlzZWpm), (https://www.instagram.com/p/CzD5iNZI188/?igsh=MTFoNGhzMzlhYm5mbg==). Үнемі қажеттілік бойынша педагогикалық-психологиялық кеңестер беріліп отырады.

Сканировано с CamScanner

**Психодогиялық қызметтің негізгі бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстардың саны:**

**Психологиялық диагностика бағыты:**

| № | **Психологиялық диагностика бағыты:** | **Оқушылармен** | **Ата-аналармен** | **Педагог -кадрлармен** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Топтық жұмыс | 66 | 3 | 2 |
| 2 | Жеке жұмыс | 6 | 6 | - |
| 3 | Барлығы | 72 | 9 | 2 |

**Психологиялық түзету-дамыту бағыты:**

| № | **Психологиялық түзету-дамыту бағыты:** | **Оқушылармен** |
|---|---|---|
| 1 | Топтық жұмыс | 14 |
| 2 | Жеке жұмыс | 5 |
| 3 | Барлығы | 19 |

**Психологиялық алдын алу, ағарту бағыты:**

| № | **Психологиялық алдын алу, ағарту бағыты:** | **Оқушылармен** | **Ата-аналармен** | **Педагог -кадрлармен** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Топтық жұмыс | 22 | 7 | 6 |
| 3 | Барлығы | 22 | 7 | 6 |

**Психологиялық кеңес беру бағыты:**

| № | **Психологиялық кеңес беру бағыты:** | **Оқушылармен** | **Ата-аналармен** | **Педагог -кадрлармен** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Топтық жұмыс | 5 | 6 | 6 |
| 2 | Жеке жұмыс | 16 | 4 | 5 |
| 3 | Барлығы | 21 | 10 | 11 |

**Психологиялық әдістемелік бағыты:**

| № | **Психологиялық кеңес беру бағыты:** | **Семинар 2023-2024ж** | **Олимпиада 2023-2024ж** | **Конкурс 2023-2024ж** | **Курс** | **Барлығы 2023-2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Г.Е.Итесова | 7 | 1 | 1 | 10.04.2020ж | 9 |
| 2 | А.Г.Гамалей | - | - | - | 02.04.2021ж 23-2024жыл курс буллинг бойынша | 2 |

**2024-2025 оқу жылына арналған ескерілетін мәселелер, ұсыныстар:**

1. 1-5 сынып оқушыларының мектепке дайындық және бейімделу кезенін психологиялық қолдау жұмыстарын жалғастыру.
2. 11 сынып оқушыларының ҰБТ ге дайындық деңгейіне жұмыстарды жалғастыру.
3. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және қабілетті оқушыларды қолдау жұмыстарын жалғастыру
4. «Қиын», «тәуекел тобындағы» оқушылармен және мобильді топтың жұмысын жүйеге келтіру, жандандыру.
5. 4-9 сынып оқушыларына психологиялық қолдау жұмысын жүргізу.
6. Ұйымдастырушылық және әдістемелік бағыт бойынша жұмысты жандандыру.

**Мектеп директоры** М.Ш.Жамаладинов

**Педагог-психолог** Г.Е.Итесова

А.Г.Гамалей

Сканировано с CamScanner